

Хаттама

Балбөбек жекеменшік шағын орталығында 2022 жылдың қазан айының 19 жұлдызы күні балабақша ішілік жол ережесіне байланысты тақырыптық іс-әрекеттері болды.

Қатысқандар:

Директор: Мусаева С

әдіскер: Сагпазова Г

Тәрбиешілер: 5

Барлығы: 7

Күн тәртібінде:

1. «Бағдаршамның шамдарын жағыңыз!» тақырыбында тақырыптық іс-әрекеті. Өткізген тәрбиеші Тажигалиева М
2. «Жолда жүру ережелерінің әліппесі!» тақырыбында іс әрекет өткізген тәрбиеші Уақбаева Н.Ж
3. «Біздің қала және оның көліктері!» тақырыбында іс әрекет өткізген тәрбиеші Әбішаева Ү

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі **Тажигалиева М:** Менің бүгінгі сабағымның мақсаты: Жол жүру ережелері бойынша балалардың білімдерін кеңейту, алған білімдерін ойындар арқылы көрсетуге үйрету. Зеректік және тапқырлықты дамытып, бір-біріне деген қарым қатынасын және өзара түсініктерін, сонымен қатар достыққа тәрбиелеу еді. Мен бүгін мақсатыма жеттім. Балаларым берілген тапсырмаларымды орындап, тақырыпқа байланысты өлең жолдарын оқыды.

№3 «Ботақан» тобы тәрбиешісі Әбішаева Ү : Маған бүгін Тажигалиева М өткізген сабағы ұнады. Балалар тақырыпқа сай үш түсті киім киген, тәрбиеші өзін еркін ұстады, баламен қарым-қатынасы жақсы. Балалар үш топқа бөлініп берілген тапсырмаларды орындап тұрды. Балалардың киімдері, тәрбиешінің өзін-өзі ұстауы жақсы. Үш топтың балалары да берілген тапсырмаларды жылдам орындап тұр.

№2 «Балбөбек» тобы тәрбиешісі Уақбаева: Тажигалиева М сабағы бойынша Менде Үміттің айтқандарына қосыламын. Сабақ өз деңгейінде жақсы өтті. Рахмет.

№2 «Балбөбек» тобы тәрбиешісі Уақбаева : Тажигалиева М сабағы бойынша жалпы тәрбиеші өзін тиянақты, сыпайы ұстады. Балалары да өте пысық, бағдаршам туралы түсініктері бар. Сабаққа керек құралдары, бөлменің безендірілуі жақсы болды. Сабаққа жақсы деген баға беремін.

Күн тәртібіндегі бірінші сабақ бойынша

Шағын орталықтың әдіскері: Сакпазова Г: Маған бүгін Тажигалиева М өткізген сабағы ұнады. Балалар тақырыпқа сай үш түсті киім киген, тәрбиеші өзін еркін ұстады, баламен қарым-қатынасы жақсы. Балалар үш топқа бөлініп берілген тапсырмаларды орындап тұрды. Балалардың киімдері, тәрбиешінің өзін-өзі ұстауы жақсы. біліп тұр.

Шағын орталықтың әдіскері: Сакпазова Г: №2 «Балбөбек» тобы тәрбиешісі Уақбаева сабағы бойынша Сабақ жақсы өткен сияқты. Балалар сөйлеп, сұрақтарға жауап беріп тұр. Көріністі жақсы орындады. Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы жақсы.

Шағын орталықтың әдіскері: Сакпазова Г: Маған бүгін Әбішаева Ү өткізген сабағы ұнады. Тәрбиеші өзін өзі ұстауы ұнады, іс әрекет өз деңгейінде өткізілді.

Шешімі:

1. «Бағдаршамның шамдарын жағыңыз!» тақырыбында тақырыптық іс-әрекеті. Өткізген тәрбиеші Тажигалиева М оқу қызметі жақсы деп бағалансын!
2. «Жолда жүру ережелерінің әліппесі!» тақырыбында іс әрекет өткізген тәрбиеші Уақбаева Н.Ж оқу қызметі жақсы деп бағалансын!
3. «Біздің қала және оның көліктері!» тақырыбында іс әрекет өткізген тәрбиеші Әбішаева Ү оқу қызметі жақсы деп бағалансын!

Төрайымы:

Сакпазова Г

Хатшы:

Әбішаева Ү